

**Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің "Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 шілдедегі № 6-НҚ нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2025 жылғы 31 наурыздағы № 2-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 сәуірде № 35911 болып тіркелді

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 6-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21070 болып тіркелген) нормативтік қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларында:

161-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"161. Жоғары аудиторлық палатаның материалдарды құқық қорғау органдарына беруі Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2024 жылғы 9 ақпандағы № 4-НҚ нормативтік қаулысы және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2024 жылғы 21 ақпандағы № 41, Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 1 наурыздағы № 1, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2024 жылғы 12 наурыздағы № 37 бірлескен бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 34165 болып тіркелген) Сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша мемлекеттік аудит материалдарын беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Тексеру комиссияларының материалдарды құқық қорғау органдарына беруі тексеру комиссиялары мен құқық қорғау органдары бекіткен бірлескен бұйрықтарға сәйкес жүзеге асырылады.";

182-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"182. Мемлекеттік аудит объектісі Нұсқамалар тармақтарының орындалуы жөніндегі ақпаратты тиісті мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі Нұсқама тармақтарының орындалу мерзіміне дейін кемінде екі жұмыс күні бұрын мемлекеттік аудит объектісіне ЭҚАЖ (болған жағдайда) арқылы және (немесе) қағаз түрінде

поштамен ӘҚТК-нің 462-бабында көзделген әкімшілік жауаптылық туралы ескерту жібереді.";

184-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"184. Аудиторлық іс-шараның нәтижелерін қарау жөнінде отырыс өткізу қорытындысы бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) интернет-ресурсына тиісті баспасөз релизі және мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттен қаражатың, мемлекеттік активтердің жұмсалыуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы ақпарат орналастырылады."

2. Жоғары аудиторлық палата аппаратының Заң департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулының Жоғары аудиторлық палатаның интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы нормативтік қаулының орындалуын бақылау Жоғары аудиторлық палатаның аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасы*

*А. Смаилов*